ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢҢ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ

ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
ПО ГОРОДУ АЛМАТЫ КОМИТЕТА
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

050000, Алматы қ., Желтоқсан к., 83
Тел.: 8 (727) 279-30-26
E-mail: fink.almaty@minfin.gov.kz

050000, г. Алматы, ул. Желтоқсан, 83
Тел.: 8 (727) 279-30-26
E-mail: fink.almaty@minfin.gov.kz

№____05-06/1446_____

_____от 17.03.2021 года_____

«КазМонтаж Альянс» ЖШС
Алматы қ., Байзаков көш. 303 үй

02.03.2021 ж. №89074 өтінішке жауап

Алматы қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті сіздің №5389919-1 «Алматы жылу жүйесі" ЖШС үшін Алматы қаласы, Медеу ауданы, Пушкин көшесі, Қарасай Батыр көшесінің қиылысы мекен-жайында орналасқан М 3 жылу магистралында УП-ЗП түйіні қайта құрылымдау" қайта мемлекеттік сатып алу» ұйымдастырушы «Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасы» КММ ашық конкурс тәсілімен өткізілген мемлекеттік сатып алу бойынша, сіздің шағымыңызға сәйкес келесіні хабарлайды.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу» Заңының 1-тармақшасының 1 бабына сәйкес, *әлеуетті өнім берушілерге мынадай біліктілік талаптары қойылады: 1) құқық қабілеттілігінің (заңды тұлғалар үшін), азаматтық әрекетке қабілеттілігінің (жеке тұлғалар үшін) болуы; 2) қаржылық орнықты болуы және тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің алты еселенген мөлшерінен асатын салықтық берешегінің болмауы. Әлеуетті өнім берушілердің қаржылық орнықтылығы оларды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалған тәртіппен санаттау жолымен айқындалады. 3) банкроттық не таратылу рәсіміне жатқызылмауы; 4) мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық, еңбек және қаржы ресурстарының болуы; 5) жұмыс тәжірибесінің болуы (әлеуетті өнім берушіде лицензияның және (немесе) рұқсаттың болуы мемлекеттік сатып алудың нысанасы болып танылатын жағдайларды қоспағанда). Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2), 4) және 5) тармақшаларында көзделген біліктілік талаптары мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалатын тәртіппен белгіленеді.*

«Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы

№648 бұйрығының 155 тармақшасы заңнамасына сәйкес, *Егер әлеуетті өнім берушінің бас мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша бір пайыз (1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.*

Егер әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша нөл бүтін оннан бес пайыз (0,5 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Егер бір жылдың ішінде әлеуетті өнім беруші конкурста сатып алынатын, оның ішінде біреуден артық құрылыс объектісінде осындай (ұқсас) жұмыс түрлері бойынша жұмыстарды орындаған жағдайда, конкурстық комиссия келесі әрбір құрылыс объектісі үшін нөл бүтін оннан екі пайыз (0,2 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді. Егер бұл жұмыстарды әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігер ретінде орындаса, конкурстық комиссия келесі әрбір құрылыс объектісі үшін нөл бүтін оннан бір пайыз (0,1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Құрылыс объектісі деп бір азаматтық-құқықтық шарт шеңберінде орындалған, нысанасы өткізілетін мемлекеттік сатып алудың нысанасына сәйкес келетін жұмыстар түсініледі.

Егер конкурстың нысанасы құрылыспен байланысты емес жұмыстар болып табылған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстардың түрлеріне ұқсас (сондай) келесі орындалған әрбір жұмыс үшін нөл бүтін оннан екі (0,2 %) пайыз мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Жұмыстар деп бір азаматтық-құқықтық шарт шеңберінде орындалған, нысанасы өткізілетін мемлекеттік сатып алудың нысанасына сәйкес келетін жұмыстар түсініледі.

Егер конкурс (лот) тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға бөлінген сома тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің екі жүз мың еселенген мөлшерінен аспайтын болса, осы өлшемнің конкурсқа қатысуға өтінімнің шартты бағасына жиынтық пайыздық әсері бес пайыздан аспайды.

Егер конкурс (лот) тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға бөлінген сома тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің екі жүз мың еселенген мөлшерінен асып кеткен жағдайда, осы өлшемнің конкурсқа қатысуға өтінімнің шартты бағасына жиынтық пайыздық әсері он пайыздан аспайды.

Жұмыс тәжірибесінің болуы үшін шартты бағаға пайыздық әсерді конкурстық құжаттамаға 5 және 5-1-қосымшаларға сәйкес жүзеге асырылады.

Жоғарғымен қоса, Конкурстық құжаттаманың 6 қосымшасының ескертудің 2 – тармақшасына сай, *егер конкурстың нысанасы жаңа объектілер салу, сондай-ақ бар объектілерді кеңейту, техникалық қайта жасақтау, жаңғырту, реконструкциялау, қайта жаңарту және күрделі жөндеу болып табылған жағдайда, «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңның 20-бабына сәйкес сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысаны бойынша орындалған жұмыстарды қабылдау және объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері (бұдан әрі - орындалған жұмыстарды қабылдау және объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері) жұмыс тәжірибесін растаушы құжат болып табылады.Егер әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі бар болған жағдайда, осы қосалқы мердігер туралы мәліметтер көрсетілген орындалған жұмыстарды қабылдау және объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелерін ұсынады. Объектіні пайдалануға қабылдау актілерінде қосалқы мердігер туралы мәліметтер болмаған жағдайда, осы қосалқы мердігер туралы мәліметтер көрсетілген сәйкестік туралы декларацияның электрондық көшірмелерін қосымша ұсынады.*

23.02.2021 жылғы №4913772 хаттамасының ақпараты бойынша, «АРНАЙЫ КОММУНАЛДЫ ҚҰРЫЛЫС» ЖШС-не конкурстық комиссия жұмыс тәжірибесі 5% ұпай, және «Энергохолдинг LTD» ЖШС-на 0,7% ұпай берілгені көрсетілген.

Алайда, камералдық бақылау нәтижесінде, «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министірінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығының 155 тармақшасы заңнамасына сәйкес, «АРНАЙЫ КОММУНАЛДЫ ҚҰРЫЛЫС» ЖШС-на жұмыс тәжірбиесі бойынша 3,6 ұпай, ал «Энергохолдинг LTD» ЖШС-на 0,6 ұпай қолдануға тиісті болатын.

Сондай-ақ, көрсетілген заң бұзуғушылықтар анықталған себебінен, Департамент мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы Ұйымдастырушыға хабарлама жіберілген (хабарламаны мемлекеттік сатып алу веб-порталында goszakup.gov.kz таныса аласыз).

Айтылғанға қоса отырып, камералдық бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 598 бұйрығымен бекітілген «Камералдық бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Заңнамасының 21 тармағына сай өткізілген.

Жауаппен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, сіздің өтінішіңізді қарау нәтижесінде қабылданған шешімге шағымдануға құқығыңыз бар.

Басшысының м.а. **Б.Бугембаев**

орын. Ж.Букенов
тел. 279-40-89